Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

27 қазан бейсенбі
№85 (1889)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«БІР ТУДЫҢ АСТЫНДА»: ЫНТЫМАҚҚА ҰЙЫСТЫРҒАН АКЦИЯ

Ұлттық мереке – Республика күнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Ақорда» резиденциясының алдында Мемлекеттік ту көтеру рәсімі өтті.

«Бір тудың астында» атты жалпыұлттық патриоттар акциясына сырбойылықтар да қатысты.

«Рәміздер алаңы» аумағында өткен шараға 2000-нан аса тұрғын жиналды. Зиялы қауым өкілдері және аймақтық құқық қорғау органдарының басшылары, мемлекеттік қызметшілер, үкіметтік емес ұйым өкілдері белсенді жастар көпшілікті отаншылдық сезімге бөледі. Бір мезетте мемлекеттік рәмізіміз Туды көтеріп, әнұран шырқалды. Мұндай көрініс қала тұрғындарына патриоттық рух сыйлады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев елордада бастау алған патриоттық акция Сыр елінде қолдау тапқанын атап өтіп, жерлестерді Республика күнімен құттықтады.

Патриоттық шарада мемлекеттік органдарға жаңадан жұмысқа қабылданған жас мемлекеттік қызметкерлер салтанатты түрде ант берді.

Ұлттық мерекеге арналған жиын патриоттық әндер мен авто, мотошерумен аяқталды.

Республика күні қарсаңында аймақта бес бағытта түрлі мәдени шаралар ұйымдастырылды. Облыс, аудан орталықтарында түрлі әлеуметтік нысандар ашылып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

«Ақмешіт-ақпарат»

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

Олар – республикалық байқау жеңімпазы

Республика күні қарсаңында отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Мерейлі отбасы» байқауы өз мәресіне жетіп, жеңімпаздары марапатталды. Сыр өңірінен қатысқан Байжановтар отбасы республикалық конкурста жеңімпаз атанып, аймақ абыройын асқақтатты.

Қазіргі таңда отбасында өзара келісім мен рухани сыйластықты нығайту маңызды болып отыр. Бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын арттыру үлкен мәселеге айналды. Сондықтан да елімізде 2014 жылдан бері осындай өнегелі байқау жыл сайын ұйымдастырылып келеді.

Байжановтар әулетінің үлкені – 99 жастағы Сәрсенбек Байжанов 38 жылдан астам уақыт ұрпаққа ұстаздық қызмет жасаған. Сонымен қатар «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендері, «Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Майдангер ұстаз «Шиелі ауданының құрметті азаматы» атағын да алған.

Құт қонған шаңырақта 11 бала, 38 немере, шөбере, 3 шөпшек өсіп, алып бәйтерекке айналған. Осылайша өнегелі отбасы «Балалы үй – базар» бақытын көпке үлгі етіп келеді.

Биыл мерейлі шараға облыстан 178 отбасы қатысуға ниет білдірген. Жыл сайын үлгілі отбасылардың саны артып келеді. Республикалық байқауда жеңімпаз атанған Байжановтар отбасын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құттықтады.

– «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді дана халқымыз. Тағылымды тәрбиенің талбесігі отбасыдан қаланады. Бір-бірін бауыр деп мейір құшағында өсу, еңбекке жетелеп, жауапкершілікке жаттығу, досқа беріктік пен Отанға адалдық отбасының өнегелі дәстүрі. Сол дара дәстүрді дәріптеген Байжановтардың отбасы бағаланды, – деді аймақ басшысы.

Осындай үлгі тұтарлық мерейлі отбасылар көбейе түссе еліміздің іргесі сөгілмейтіні анық.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕДЕ 55 СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Республика күнінде Сыр өңірінде 1 тәулікте облыс бойынша 55 сәби дүниеге келді. Олардың 38-і ұл, 17-сі қыз бала.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов пен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов облыстық перинаталдық орталығында ұлттық мерекеде босанған жас аналарды құттықтады.

– Біз үшін ең бастысы – нәресте мен ана денсаулығының мықты болуы. Мереке күні дүниеге келген барлық сәбидің аман-сау болуымен қатар айтулы ел азаматы болып өсуіне тілектеспін. Қазақтың саны көп болсын! – деген ізгі тілегін жеткізді облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов.

Сондай-ақ әрбір анаға жаңа туған сәби күтіміне арналған қобдиша сыйлады.

Жас аналар оларға ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын жеткізді. Қазіргі таңда сәбилер мен аналардың денсаулықтары жақсы.

Айта кетейік, мереке күні босанған жас аналарды құттықтау шарасы аудандарда да жалғасты.

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

БҰРШАҚТЫ БИОЖЫЛЫТҚЫШ

Қала тұрғыны Жаңыл Иманқұлова бұршақты биожылтқыштың адам денсаулығына пайдасы мол екеніне көз жеткізді. Сосын ізденудің арқасында осы өнімді шығаруды қолға алды. Осылайша өз кәсібін бастап кеткен. Яғни, емдік қасиеті бар бұршақты биожылытқыш өнімін шығаруды қолға алды. Бұл өнім көпшілікке таңсық болуы мүмкін. Сондықтан да кәсіпкерден бұршақты биожылтқыш өнімінің емдік қасиетін сұрағанды жөн көрдік.

– Бұршақты қыздырғыш дегеніміз – шығыс медицинасында, Қытайда ерте заманнан бері қолданылып келеді. Оны қазіргі уақытта да қолданылады. Табиғи жылытқыштың пайдасы мол. Мен оны өз тәжірибемде сынап көрдім. Адамның бойында үш мыңнан аса нүкте болатын болса, соның ең маңызды өмірлік жеті нүктесін қатты тітіркендіру арқылы сырттан және ішкі органдарға жылу беру арқылы емдейді. Әрбір адамның ауруының түпкі себебі суықтан болады. Жылу қуаты азайған кезде дене мүшелері ауыра бастайды. Егер де біз аурудың себебін іздеп, сонымен күресетін болсақ, сол кезде тез жеңеміз. Қазіргі техниканың заманында қозғалыс аз. Қозғалыс кезінде ғана адамда қан айналым жақсарып, денсаулығы нығая түседі. Адам ағзасындағы жылу қуатын азайтып алмау керек. Бұған көмектесе алатын ем – табиғи бұршақты биожылтқыш. Осыған қатты қызығып, іздену арқылы жасалу жолын таптым. Бұл сырты қатты мақталы матадан жасалады екен. Мақта ауаны еркін өткізеді, ішіндегі бұршақтың дымқылданып кетпеуіне көмектеседі. Матасы

адамның денесіне жайлы. Матаны Алматы қаласынан, ал бұршақты Қытайдан алдыртамын. Бұл – «адзука» деп аталады. Адзуканың қасиеті табиғи жылуын адамға беріп, суықты өзіне тартады.

2 БЕТТЕ

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ ЖАСЫ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан жұртын толғандырған мәселенің бірі – әйелдердің зейнет жасы. Жыл сайын 6 айдан қосылып келе жатқан жүйе бойынша бірте-бірте әйелдердің де зейнеткерлікке шығу жасын 63-ке дейін, яғни ерлермен теңестіру көзделген болатын. Саналы ғұмырын еңбекпен қатар бала тәрбиесіне, отбасы шаруасына арнайтын әйел-аналарға ерлермен бірдей зейнетке шығу оңай емес. Бұл мәселе қоғам талқысына түссе де бірнеше жыл бойы 6 айдан қосу үрдісі жалғасып келген. Мемлекет басшысы әйел-аналарды 61 жаста зейнеткерлікке шығаруды ұсынған. Бұдан бөлек жас шеңберін 29 дан 35-ке дейін ұлғайту мәселесі көтерілген. Екі мәселе де Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында қаралды.

Алдымен жастар жайын қозғайық. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші оқылымда мақұлданды. Депутат Жәмилә Нұрманбетованың айтуынша, заң жобасы мемлекеттік жастар саясаты саласын жетілдіруге, қоғамдық қатынастарды кешенді реттеудің тиімді құқықтық негізін қалыптастыруға, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, жастардың дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіруге және жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

2 БЕТТЕ

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

CNN CNN CNN

ТҮРМЕДЕГІ ӨРТ ПЕН ӨЛІМ

Тегеранның солтүстігіндегі Эвин түрмесінде өрт шығып, бірнеше адам көз жұмды. Ресми мәлімет бойынша көз жұмғандардың барлығы түтінге уланған. Алайда желіде тараған бейнематериалдарда арнайы жасақтың оқ атқаны естілген. Осы мәселеге байланысты CNN тілшілері Артемис Моштагян мен Хира Хумаюн «Өрттен кейін жас ағызатын газ қолданған» атты мақала жазды.

«Tasnim» атты жергілікті басылымның мәліметінше, оқиға салдарынан сегіз адам көз жұмған. Негізінен бұл түрме саяси тұтқындардың қамау орны ретінде танымал. Мұнда соңғы он жылда басқарып келе жатқан ислам саясатына қарсы шыққандар қамалған.

Түрменің 62 жастағы тұтқыны Джафар Панахидің әйелі Тахере Саидидің айтуынша, түрмеде көзден жас ағызатын газ қолданылған. 62 жастағы режиссер түрмеге билікке қарсы шықты деген айыппен қамалған.

«Азаттық» радиосының Ирандағы филиалы «Фардаға» берген сұхбатында Саиди күйеуі қоңырау шалғанын және денсаулығы жақсы екенін айтты.

«1500tasvir» атты белсенді топ әлеуметтік желілерде жарияланған видеоларда оқ дауысы естілгенін және ирандық арнайы жасақтардың түрме орналасқан аймаққа қарай бет алғанын хабарлады. Ал реформаны қолдайтын IranWire басылымына түрмеден хабар түсіп, күзетшілер өрттен кейін түні бойы көзден жас ағызатын газ қолданғанын айтқан. Нәтижесінде тұтқындар тыныс алу үшін терезелерді сындыруға мәжбүр болған.

Көп тұтқынның адвокаты Мостафа Нили «Twitter»-де жазасын өтеушілердің көбі Тегераннан батысқа қарай 20 шақырым жерде орналасқан Раджаи Шахр түрмесіне ауыстырылғанын хабарлады. «IranWire» түсірген видеода Эвиннен тұтқындарды алып бара жатқан автобус көрсетілген. Ал түрмеде қайтыс болған 8 адамның барлығы ұрлық үшін қамалған.

Түрмедегі журналист Нилуфар Хами де сенбі күнгі өрттен кейін аман-есен. Бұл туралы күйеуі Мохамад Хоссейн өз твиттерінде жазды. «Ол маған кеше түнде Эвинде не болғанын білмейтінін, бірақ ол қорқынышты дыбыстарды естігенін және қорқынышты оқиға болды деп ойлағанын айтты», − деді Мохамад.

Тегеран прокуроры Әли Салехи «IRIB» мемлекеттік телеарнасында сөйлеген сөзінде түрмедегі «қақтығыстың» полиция бөлімшесінде болған жас әйелдің өлімінен кейін елде болған наразылықтармен байланысы жоғын айтты.

22 жастағы Махса Амини қыркүйек айында хиджабты дұрыс кимеген деген айыппен полиция ұстағаннан кейін қайтыс болды. Содан бері Иран билігі елдегі авторитарлық режимге наразылық білдірген демонстранттарды аяусыз қудалауды бастады.

Нью-Йоркте орналасқан Ирандағы адам құқықтары жөніндегі тәуелсіз орталықтың басшысы Хади Гаэми жексенбі күні «Twitter»-де: «Иранда бірде-бір тұтқын қауіпсіз емес. Онда адамдар мемлекетті сынағаны үшін мүгедек болып, өліп жатыр. Эвин мен Ирандағы саяси тұтқындар босатылуы керек. Барлық тұтқындар тиісті медициналық көмекке және адвокатпен, отбасымен кездесуі керек», − деп жазды. Гаэми сондай-ақ БҰҰ-ны Иран басшыларын жауапқа тартуға шақырды.

Адам құқығы мәселесін көтеретін «Amnesty International» ұйымының бас хатшысы Калламард жексенбі күні «Twitter» парақшасында: «Иран халқына қарсы жасалған қылмыстардың тым көптігіне» сілтеме жасап, «БҰҰ-ның Иран үкіметі мен діни билігіне қарсы тергеу және жауап беру механизмін» құру үшін БҰҰ Адам құқықтары кеңесінің арнайы отырысын өткізу қажет», − деп жазды.

4 БЕТТЕ

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ ЖАСЫ БЕКІТІЛДІ

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар «жастар» ұғымының жас шеңберін 29 жастан 35 жасқа дейін ұлғайтуға бағытталған түзетулер енгізді, бұл жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға, оптимизмді, ертеңгі күнге деген сенімділік сезімін нығайтуға мүмкіндік береді. «Жастардың әлеуметтік қызметтері» және «уақытша тұрақсыз жастар» ұғымдары нақтыланады», – деді депутат Жәмилә Нұрманбетова Мәжіліс отырысында.

Сондай-ақ әйелдер үшін зейнеткерлікке шығу жасын 61 жас деңгейінде бекіту, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табыс шегін 46 еседен 55 есеге дейін ұлғайту, еңбек ету қабілетінен айырылған, сондай-ақ асыраушысынан айырылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлемнен шегерім мөлшерін 55 еседен азайту туралы болып отыр. Сондай-ақ ЕТЖ өсуіне байланысты әлеуметтік төлемдер мөлшерін азайтуды болдырмау мақсатында ең төменгі жалақы мөлшерінің 50%-на дейін, сондай-ақ жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді есептеу үшін алмастыру коэффициентін түзету мәселелері зерделенді.

«Заң жобасы шеңберінде қаралатын мәселелер аясының кеңеюін ескере отырып, депутаттар заң жобасының тақырыбын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгерту жөнінде ұсыныс енгізді», – деп толықтырды Жәмилә Нұрманбетова.

Басы 1-бетте

БҰРШАҚТЫ БИОЖЫЛЫТҚЫШ

Менен бұл өнімді тек массаж жасайтындар алып жатыр. Себебі емдік қасиетін олар жақсы біледі. Бұл құрал әрбір үйде болу керек деп ойлаймын. Әркім өзін-өзі емдеп алуға таптырмас дүние. Тез арада сауығып кетуіне көп көмегі тиеді. Сондықтан халыққа пайдасы тисе екен деген ниетпен, тапсырысты көбейтіп, кәсіпті үлкейтуді жоспарладым. Болашақта қарапайым тұрғындарға тиімді болатындай етіп, бағасын да арзан етіп жасағым келеді. Бұл емнің түп-тамыры қазақта да бар. Мәселен, ерте заманда медицина дамымаған уақытта суықтаған адамдарды жаңа сойылған малдың терісіне орап, булаған. Бұл соның жаңартылған түрі десек те болады, – дейді Жаңыл Әбдіманапқызы.

Биожылытқыштың түр-түрі бар екен. Оларды микротолқынды пештерде жылытып алып, содан кейін денесіне жауып немесе аяғына киіп сол бұршаққа оранып жатады. Сол кезде суық тер шығады. Мұны қолданғаннан кейін жылы жүру керек.

Кәсіпкердің жұмысы жүйелі түрде дамуда. Әрбір адам ісі өрге басқан кезде, оны тағы да өркендеткісі келеді. Жаңыл Әбдіманапқызының жұмысы бағаланып, тапсырыс та күннен-күнге көбеюде. Сондықтан да кәсіпті кеңейту мақсатында мемлекеттен қайтарымсыз қаржы алу үшін ниеттеніп, бүгінде мемлекеттен қаржы алуға мүмкіндік туды.

Адал еңбек, төккен тер ақталмауы мүмкін емес. Алдағы уақытта кәсіпкер әрбір адамға пайдалы болатын бұршақты биожылытқыш өнімін көптеп шығаруды қолға алмақ.

Басы 1-бетте

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Академик М.Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалау зәру мәселелердің бірі екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер – жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек» – деген ойды одан әрі өрбіткен ғалым «Отан тарихынан кейбір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» [Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. -369 б., Б.366] деген пікір айтады. Ұлттық тарихтың мазмұнын қайта бағалау тұрғысында айтылған бұл пікірдің көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановқа тікелей қатысы бар деп білеміз. Өйткені С.Қожанов осы кезге дейін жұртшылыққа таныс та бейтаныс тұлға болып келеді.

Отан тарихында осы кезге дейін ғылыми тұрғыда игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Ал өзінің тарихи бағасын ала алмай келе жатқан тұлғаның бірі – Сұлтанбек Қожанов. Оның тұлғасын тану мен танытуға қатысты бірқатар арнаулы зерттеу еңбектер жарыққа шықты Атап айтқанда өзбекстандық тарихшы Р.Я.Раджапова, қазақстандық Т.Қожакеев, Р.Бердібай, Б.Қойшыбаев, Ж.Әлмашұлы, А.Шәріп, Ж.Симтиков, Ж.Уалиханова және т.б. ғалымдар мен әдебиетшілердің еңбектері де осы қатарды толықтыра түседі. Өйтсе де қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен әдеби-мәдени мұрасын зерттеп, зерделеуде кенжелік, соңын күткен кібіртіктеу байқалады. Оның сыры неде болды екен? Бұл сауал әркімді де ойлантуы тиіс. Оның басты себебі С.Қожановтың партия мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қойған шынайы ұлтжандылығы болды. Тоталитарлық билік саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға да аса бір сақтықпен қарады. Алғашқы кезекте коммунистік билікке барынша адал қызмет жасаған С.Сейфулин, Т.Рысқұлов сияқты «қызыл сұңқарлар» мен «қызыл жебелер» ақталып, олардың тұлғасы кеңестік тәрбиенің идеалына айналдырылды. Ал пролетарлық интернационализмге ұлттық құндылықтарды, таптық жіктелушілікке ұлттық бірлікті қарсы қойған Алаш қайраткерлері мен алаштық рухтағы С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Н.Төреқұлов, С.Меңдешов, Н.Нұрмақов сияқты ұлтжанды қайраткерлер 1956-1957 жылдары құқықтық тұрғыда ақталғанымен олардың туған елімен табысуы кейінге шегеріле берді. Бұл – кеңестік тоталитарлық биліктің ұлтжандылықты ұлтшылдық деп бағалаған зымияндық саясаты еді. Тәуелсіз қоғамымызда осы саясаттың тоңы жібігендей болғанымен Қожановқа қатысты ресми биліктің ықыласы әлі күнге дейін бойкүйездік сипатта қалып отыр.

Неге олай? Бәлкім, әлдебіреулер сияқты С.Қожановтың өз ұлтына қарсы жасаған әрекеттері бар ма?

Қайраткердің соңына қалдырған деректерінде партиялық биліктің ынғайымен өз қызметіне қатысты бүгіп қалған жайттары бар. Өзге қайраткерлер де өз өмірбаянында қоғамға жақпайтын «қызметтерін» бүгіп қалып отырған. Қожановтың бүгіп қалған «сыры» өзінің Алаш қозғалысына тікелей қатыстылығын айтудан тартынуы. Ал кейбір қайраткерлер алашордашылармен күрескендігін жарнамалап, биліктен шен-шекпен алып, биік лауазымдарға қол жеткізді. Осыған байланысты бұрын бүркемеленгенімен қазіргі кезде ашық айтатын шындық – С.Қожановтың Алаш қозғалысының қайраткері болғандығы. Осы пікірді тереңірек өрбітіп көрейік.

1916-1917 жылдары Ташкент қаласында қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын саяси үйірмесі жұмыс істеген. Түркістан қаласында С.Қожановпен бірге 1918-1919 жылдары бірқатар жауапты қызметтер атқарған, Ленинмен кездескендігі жөнінде естеліктер жазған Дүйсенбай Нысанбаевтың деректері «Кеңес» үйірмесінің қызметіне ғылыми талдау жасауға мүмкіндік береді.

Ол 1925 жылдың 31 қаңтарында РК(б)П Қырғыз облыстық Бақылау Комиссиясына мәлімдеме (донос) жасаған [Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж.ж. -Алматы: «Ел-шежіре». 2007. Т.3.Кн.1.-304 с, Б.173-185]. Өлкелік партиялық басшылыққа, ОГПУ органдарына Түркістандағы алашордашылардың қызметіне қатысты айғақ ретінде түрлі хаттамалар, газет тігінділері сияқты қомақты құжаттық деректер ұсынған құпия хат тікелей С.Қожановты әшкерелеуге арналған.

Үйірменің төрағасы генерал Сейітжаппар Асфендиаров, орынбасарлары М.Шоқай, Садық Өтегенов болатын. Осы саяси үйірме ұлттық идеяларды іске асыруды өзінің бағдарламалық міндеті ретінде алға қойған еді. Үйірменің баспасөз органына айналған «Бірлік туы» газетінің алғашқы редакторы М.Шоқай болса, С.Қожанов редактордың орынбасары әрі жауапты хатшы, кейін редакторы болып қызмет істеген. 1917 жылы қарашаның 26 күні Қоқан қаласында Бүкілтүркістан мұсылмандарының IV съезі Түркістан мұхтарияты (автономиясы) атты ұлттық үкімет жариялады. Осы съезге С.Қожанов делегат болып қатысқан және ол редакторлық еткен «Бірлік туы» газеті Түркістан Мұхтарияты үкіметінің қазақ тіліндегі ресми баспасөз органы болды. Ол осылайша алаштық идеяны іске асыруға белсене араласты. Бұндай тұжырым жасауға деректік және дәйектік негіздер жеткілікті. Алғаш рет бұл тұжырым Түркістандағы партия-кеңес органдарының ресми құжаттарында «Алаш Орданың» түркістандық бөлімі «Бірлік туы» газеті органымен аттас ұйым болды. «Бірлік туы» газеті 1917 жылы маусымнан Ташкентте шыға бастады. Аталған газетті ұйымдастырушылардың тұғырнамасы дәлме-дәл алашордашылардың тұғырнамасындай еді» [РГАСПИ Ф. 17, ол. 85, д 77, Л.208] деген сипатта негізделді.

Жоғары партиялық инстанцияларға С.Қожановтың үстінен жазылған құпия хаттар бұнымен шектелген жоқ. Мұндай арыз-шағымдарды саяси ұпай жинау мақсатында әсіресе партия-кеңес қызметкерлері – олардың арасында Д.Нысанбаев сияқты үзеңгілес серіктері де бар, көптеп жазды. Олардың мазмұны «ұлтшыл, «алашордашыл», «оңшыл ауытқушы», «топшыл» деген саяси айыптауларға негізделіп, соңы «қожановшылық» айдарына айналды. Арнаулы органдардың мекемелерінде жинақталған бұндай компромат тиянақты талдаулармен БК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының Құпия бөліміне жүйелі түрде жеткізіліп отырды. Республиканың саяси басшысы болғанымен оның әрбір ізін аңдыған мұндай әрекетті Орталықтың басқарып отырғаны да жасырын емес. Осындай жағдайда С.Қожановтың Қазақстанда қалыпты жұмыс істеуі және ұлттық идеяны іске асыруға еркін кірісуі мүмкін емес еді. Республикадағы саяси басшылыққа Ф.Голощекиннің келуі бұл саяси үдерісті өршітіп жіберді. С.Қожанов Мәскеуге кеткен соң оны айыптайтын саяси науқан кең өріс алды. Осыған байланысты С.Қожанов Қазақ өлкелік партия комитетіне 1926 жылы ашық хат жазып, ақталуға мәжбүр болған. Хаттың жазылу мақсаты оның Қазақстандағы қызметіне қатысты өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекиннің өршіткен саяси айыптауынан басын арашалау болды. Осы хатты деректік тұрғыда талдағанда С.Қожанов Қазақстандағы саяси қызметінің сипаты мен мазмұны туралы өз аузынан баяндалған көп мағлұматқа қанығамыз. Сонымен бірге бұл құжаттан С.Қожановтың ұлтжандылық қызметіне негіз болған қоғамдық-саяси көзқарастарының өзегін танимыз.

Ол аталған хатында былай деп баяндайды: «Мен партияның алдыңғы қатарында жүріп мына мәселелерге белсене қатыстым:

Оташылдық пен жергілікті ұлтшылдықты саяси тұрғыдан жоюға;

Жерге орналастыру және жер-су реформасын жүргізуге;

«Қосшы» одағын ұйымдастыру науқанына;

Орта Азияда ұлттық межелеуді іске асыруға;

Қазақстанның орталығын Орынбордан Қызылордаға ауыстыруға және Қазақстанның ішкі құрылысында ұлттық мүддені күшейтуге тікелей араластым» [Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж.ж. -Алматы: «Ел-шежіре». 2007. Т.3.Кн.1.-304 с, Б.250]. Ұлтжанды қайраткердің өзі саяси қызметі туралы жасаған бұл қорытындыларының әрқайсына жеке тоқталып, нақты тарихи дәйектер және дәлелдермен кеңінен таратуға болады. Қайраткер қызметінің биік шыңдары болып саналатын ол жетістіктерді ғылыми тұрғыда талдап, тарихи танымның игілігіне айналдыру – таяу күндердің және осы бүгінгі ұрпақтың еншісі болуы керек.

Қай кезде де тарихи танымның рухани өзегі, ғылыми негізі болады. Бүгінгі тәуелсіз қоғамымызда тарихи танымның талабы өзгерді. Қоғам жаңарды, қоғаммен бірге адам да жаңарды. Ендігі кезекте тарихи таным да жаңаруы тиіс. Тұлғаларды танудағы әрекеттің алтын арқауы, жібек желісі – ұлттық мүдде болуы керек. Яғни мәселе тура мағынасында қойылғанда – ол ұлтымыз үшін не істей алды? деген сауалға жауап беруді қажет етеді. Сол сияқты, кейбір зерттеулерде кеңестік дәуірдегі партия-кеңес қайраткерлерін біржақты айыптау тенденциясы бар. Ал олардың қызметінен ұлтқа қандай және қаншалықты зиян келді? деген сауалға жауап берсек, берілер баға шынайы болар еді.

С.Қожановтың Түркістан өлкесіндегі алғашқы саяси қызметі «Бірлік туы» газетінің редакторлығынан басталды. Облатком төрағасы, Ішкі істер Халық ағарту халкомы, Түркатком төрағасы, ТКП ОК хатшысы, РК(б)П ОК Ортаазиялық бюросының мүшесі. С.Қожановтың бірыңғай партиялық саясаттың сойылын соққан кейбір қайраткерлерден ерекшелігі осы қызметтерінде ол алаштық негіздегі ұлттық идеядан бір сәт те қол үзген емес.

Қазіргі кезде Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты деген дербес тарихи тұжырым орнықты. Оңтүстік қанаттың нақты ұйымдық құрылымы болмағанымен оның қызметінің мазмұны қазақ жеріндегі тарихи құбылыстың құрамды бөлігі болып саналады. Алаш қозғалысы Оңтүстік қанаты қызметінің мазмұнында аймақтық, конфессиялық және идеялық сипаттағы ерекшеліктері болды. Оташылыққа қарсы күрестегі мұсылмандық, түркілік бірлік идеялары Алаш қозғалысының өкілдері М.Тынышпаев, С.Лапин, М.Шоқай, Қ.Қожықов, С.Өтегенов және тб. қайраткерлердің саяси қызметінде жаңа қырынан танылып, қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұнын байытты. М.Тынышпаев, С.Лапин, М.Шоқайдың өлкедегі саяси қозғалыстың және Түркістан мұхтариятының басшылығында болып, Алашорда үкіметімен байланыс жасады, қазақ мемлекетінің тұтастығы мәселесін алғаш рет ұлттық идея ретінде күн тәртібіне қойды. Осы идея 1918 жылдың 4-9 қаңтардында Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезінде арнайы қарастырылды. Алашорда үкіметінің басшылары Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатовтар арнайы қатысқан съезд шын мәнінде Алаш қозғалысы ұйымдастырған ірі саяси шаралардың біріне айналды. Түркістан қазағын алашқа қосу мәселесін талқылаған съезд жөнінде «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Алаш һәм Түркістан» мақаласында [Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. желтоқсан 1917 – мамыр 1920 ж.ж. -Алматы: , Б.109-111] «Съезде Алашқа қосылмаймыз деген ешкім болған жоқ: кәрі-жас, қарасы-төресі, байы-кедейі бірауыз болды» деп ұлттық идеяның қолдау тапқандығы жазылды.

Елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерді мұғажырлық жағдайда жіті қадағалап отырған М.Шоқай большевиктер партиясы қатарына енгенімен өздерінің шынайы ұлттық элитаға тән азаматтық, отаншылдық биіктен төмендемеген қандастары туралы ризалық сезімін білдіреді: «Смағұл Сәдуақас, Қожанұлы Сұлтанбек және Меңдешұлы Кеңес дәуірі орнаған кезде кеңес үкіметін бірден жақтап шыққан адамдар болатын. Бірақ олар өткен тәжірбиелері көрсетіп отырғандай, Кеңес үкіметіне тек қара басының қамы үшін қызмет етпегенін біз жақсы білетінбіз. Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қасиеттерінен айырылмайды деп сенеміз. Смағұл Сәдуақас та сондай тұлға. Ал Меңдешұлын өз басым білмейді екенмін. Бірақ оның да Сұлтанбек пен Смағұл тәрізді қайраткер екеніне шүбә келтірмеймін» Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық. -Алматы: Қайнар, Т-2.-1999. -520 б., Б.60]. М. Шоқайдың саяси тұлғалар қызметін бағалауда олардың ұлтжандылық әрекетіне баса мән берген бұл пікірін әдістемелік негіз етіп алуға болатын танымдық қағида деп қабылдауға болатындай.

Әрине, «көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерінің өмірі дегеніміз белгілі бір адамгершілік және әлеуметтік бағдарлар жүйесіндегі оның нақты ойлары мен әрекеттері ғана емес, ол сонымен бірге тұлғаның өзі саясат сахнасынан кеткеннен кейінгі де қоғамдық үдерістерге жасайтын ықпалы» [Волкогонов Д.А. Сталинизм: сущность, генезис, эволюция: доклад по совокупности работ на соискание ученой степени доктора исторических наук.- М.: 1990. – 47 с., С.4] екендігін ескерсек аталған тұлғалар алдағы уақытта да ғылыми ойдың нысаны болып қала бермек. Осыған байланысты большевиктер көсемі В.И. Лениннің өзіне тән категориялықпен «Пролетариатқа саяси қайраткерлердің тірісі және өлісі туралы да шындық керек, өйткені саяси қайраткер атына шын мәнінде лайық болғандардың тәні бақилық болса да олар саясат үшін өлмейді» [Ленин В.И. Полное собрание сочинения. изд. 5-е. М.: Политиздат, 1973.- т. 20. -532 с., С.8-9] деген тұжырымын қуаттауға болады. Демек, С. Қожановтың тұлғасы саясат үшін де, тарих үшін де қызмет жасайды. Ұлт барда ұлттық мүдде бар. Ұлттық мүдде бар жерде оған қызмет етудің өлшеміне айналған С.Қожановтың тұлғасы менмұндалайды.

СҰЛТАНБЕКТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ендігі мәселе қайраткердің қоғамдық-саяси қызметін ғылыми танымның игілігіне айналдыруға байланысты. Бұл үшін ең алдымен С.Қожановтың өмірі мен қызметіне қатысты материалдар мен құжаттардың және шығармаларының жинақтарын ғылыми айналымға ұсыну. Алматы мен Ташкенттің, Мәскеу мен Орынбордың архивтеріндегі құжаттардың басым бөлігі ғылыми жұртшылыққа жетпей жатыр. Сол сияқты оның әдеби шығармаларының өзі қомақты дүние болмақ. Оның соңына қалдырған құжаттық деректерінің арасында бүгінгі ғылыми танымның қажетіне жарайтын, ұлттың рухын көтеруге қызмет ететін дүниелер аз емес.

С.Қожановтың мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметіне әр кезеңде берілген ғылыми, ресми бағаларда уақыт пен қоғамның табы бар. Қайраткер тұлғасының шынайы болмысы мен мәдени-рухани өнегесін тану мен танытудың негізгі бағыттары мыналар болуы керек:

- Алаш қозғалысының көрнекті өкілі;
- Алаш идеясын кеңестік билік жағдайында жалғастырушы;
- Ұлттық баспасөзді ұйымдастырушы және оның жанрларын қалыптастырушы, тақырып аясын кеңейтуші;
- Жоғары білім беру жүйесінің негізін қалаушылардың бірі;
- Кеңестік үлгідегі ұлттық мемлекеттіліктің негізін қалаушы.

Қорыта айтқанда, С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі болды. Оның сан-салалы қызметінде топтық, аймақтық тіпті таптық мүдделердің деңгейінде қалып қоймай ұлттық, мемлекеттік биліктен табылды. С.Қожанов сияқты ұлтжандылығы мемлекетшілікпен ұласқан, мемлекетшілігі ұлтының рухына қызмет етуге жұмылдырылған қайраткер халықтың жадынан да, ғылыми танымнан да мәртебелі орын алуға әбден лайық.

Хазретәлі ТҰРСҰН,
тарих ғылымдарының докторы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
халықаралық қазақ-түрік университетінің
профессоры, алаштанушы

Отбасы – шағын мемлекет. Адамның бойындағы барлық қасиет отбасында жетіледі. Әр адам отбасында өз жауапкершілігін, қоғам алдындағы міндетін дұрыс түсінуі тиіс. Өмірлік тәжірибеге сүйенсек, егер біз дамыған, қылмыссыз қоғам құрамыз десек, ең алдымен отбасындағы жауапкершілікті күшейтуіміз керек. Хәкім Абай өзінің жетінші қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп-көріп, ұстап-татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды танитындығы сондықтан. Білгені-көргені көп адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген адам өзі де есті болады екен. Бала жақсы болу үшін оған әсер етуші ортаның да жағымды болуы қажет» деген. Қай замандағы ұрпақ тәрбиесінде де осы сөздің мағынасы мен маңызы өміршең деп білемін.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қазақ халқы қай кезде де отбасы, ошақ қасы мәселелеріне немқұрайлық танытқан емес. Ата-бабадан жалғасқан салт-дәстүрлер мен адами ізгі қасиеттердің «қайнайтын қазаны» – отбасы. Бала отбасынан өнеге, тәрбие алады, ата-анаға қарап бой түзейді. Сондықтан ата-ана отбасының берекесін сақтауға жауапты. Отбасындағы береке қай істі болсын, жоспарлы, келісіп пішілгеннен бастау алады. Мәселен, отбасындағы қаржыны бөлу, әр баланың қажетін реттеп отыру, үй тіршілігінде үнемді, ұқыпты болу әйелдің жауапкершілігінде. Бұл балаға да әсер етеді, оны ұқыпты, үнемді, еңбексүйгіштікке баулиды. Бала тәрбиелі болу үшін ата-ана білімді, кез келген мәселеге әділ, қоғамдық құбылыстарға сын көзбен қарай білуі, баланы еңбекке, үй тіршілігіне, қолғабыс етуге үйреткені абзал. Еңбексүйгіш бала өмірде батыл, белсенді болады. Бала үйде көргенін жасайды. Сондықтан қазақ отбасы тәрбиесіне ерекше мән берген, баланың көзінше бейәдеп іске бармаған, бейпіл сөйлемеген. Ата-ананың қоғамда, отбасында беделді болуы мінез-құлқында, іс-әрекетінде, әрдайым өзін ұстай білуіне байланысты. Әке мен ананың еңбексүйгіштігі, сыпайы мінезі мен шыншылдығы, қоршаған ортаға дұрыс көзқарасы баланың ой-өрісіне, мінез-құлқына тікелей әсер етеді. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген мақалы бекер емес. Бүгінде бала тәрбиелеуді қарнын тойдырып, айтқанын істеп, қажетін өтеу деп түсінетін ата-аналар да жоқ емес, бұл – үлкен қателік. Өйткені тәрбие тек баланың қажеттілігін өтеуден тұрмайды, бастысы, баланың уақытты дұрыс пайдалануына, пайдалы іспен айналысуға көңіл бөлу қажет.

Жалпы, адамға ең бірінші тәрбие берілуі керегі дәлелдеуді қажет етпейтін өмір сабағы. Мектеп пен ата-ананың міндеті – әр баланың бақытын, қабілетін ашу, қоршаған ортаның әсемдігін сезіну, өзгелерге жақсылық жасауға үйрету, бір сөзбен айтқанда, нағыз адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесі – өте күрделі де нәзік іс. Баланың өмірге келуі – әке, ана атандым деген сөз емес, ата-ана болудың өлшемі шынайы адами достықтан бастау алады. Ата-ана бір-бірімен, одан қалды екеуі баламен рухани қарым-қатынас орнатпайынша, тәрбиелеу мүмкін емес. Бірін-бірі түсініскен ортада нағыз тәрбие қалыптасады. Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туғантуысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтірмейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Қазақта «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды. Балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Ол үшін тәрбиешілердің әлеуметтік мәселесін арттырып, жалақыны көбейту керек» деген-ді. Шындығында біздің қаламызда да жеке балабақшалар баршылық. Олардың ішінде өз ісіне жауапкершілікпен қарап, бүлдіршіндерді тәрбиелеуде тынымсыз еңбек ететін балабақшалар бар. Дегенмен өз жекеменшігі саналған, балабақша ісіне бизнес деп қарайтын кәсіпкерлердің жеке үйден ашқан балабақшасында бала тәрбиесі қалай болып жатыр? Жеке балабақшалардың жұмысы қоғамдық ұйым, тиісті мекеме тарапынан тексеріліп отыруы тиіс деп санаймын.

Әйелдік тағдыр қай кезде де жеңіл болмаған. Біздің әже-аналарымыз бастан кешкен қиындықтар шын ерлік. Өмірлері қандай ауыр, қиын болса да, отбасы берекесін қашырмады, бала тәрбиесіне үлкен мән берді. Бар тірлікті қолмен атқара жүріп, ұлттық салт-дәстүрді де, қолөнерді де, ұлттық тағам даярлауды да ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білген аналарымыздың орны бөлек. Сонымен қатар ел ішіндегі дау-дамайды шешуге, керек болса, қолына қару алып, атқа мінуге де әзір болды. Бар қиындықты ермен бірдей көтере жүріп, отағасының абыройын асқақтатты. Отбасында әкенің орнын жоғары бағалап, «әкеңнен сұра» деген бірауыз сөзбен тәрбиеледі. «Қайран, біздің аналар, арды ойлаған» демекші, аяулы аналарымыздың өмірі өнегеге толы.

Халқымыз қашанда ер-азаматты шаңырақ иесі, асқар тау, отбасы тірегі десе, әйел-ананы отбасының алтын қазығы дейді. Заман көші ілгері озған сайын аналарымыз қоғамдық жұмысқа белсене араласты, басшылық қызмет тізгінін де ұстады. Бір сөзбен айтқанда, қоғамның барлық саласында әйел араласпайтын жұмыс жоқ. Өмірге ұрпақ әкелу, оны тәрбиелеу – әйел үшін ең қасиетті, ең үлкен парыз. Өмір оның тағдырын осы тұрғыдан өлшеп, осы тұрғыда бағалауын талап етеді. Бала тәрбиесі, оның ішінде қыз бала тәрбиесі тікелей анасына байланысты. Себебі халқымыз «Анасын көріп, қызын ал» демей ме? Ал әкенің орны қашанда төрде. Әкеге артылар жауапкершілік те жоғары. Әрбір азамат әке деген құрметті де, құдіретті атқа дақ түсіріп алмай, өнегелі тәрбие бере алса, ардақты әке атына лайық болары сөзсіз.

Еліміз дамыған елдердің көшбасынан, бәсекеге қабілетті елдер қатарынан көрінуі үшін ең алдымен ұлттық құндылықтарды ескеруіміз керек. Сол үшін күнделікті тіршілікте ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарды, ізгі қасиеттерді дендеп енгізу қажет. Ұрпақ тәрбиесіне келгенде аға буын алдындағы жауапкершілік жоғары. Біз соны ұмытпауымыз керек.

Рәзия ҚАЛЖАНОВА,
ардагер

Орта ғасырлардағы балалар әлемі, яғни өмірі мен олардың қызығушылықтары ғылыми еңбектерде көп айтыла бермейді. Сол уақыттағы ойындар мен ойыншықтар туралы мәліметті көркемсурет миниатюралары мен археологиялық жәдігерлерден ғана көре аламыз. Оғыздардың астанасы болған Жанкент шаһарынан табылған ойыншық ат қазіргі таңдағы балалар педагогикасы мен психологиясы, қолөнершілер үшін де таптырмайтын олжа болып отыр. Қазақ халқында «Баланы ойын өсіреді» деген даналық сөз бар. Бала ойнап жүріп ойланады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі шымырланады. Ойын арқылы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, дәстүр жайлы танымы қалыптасады.

ОРТАҒАСЫРДАҒЫ БАЛАЛАР ОЙЫНШЫҒЫ

Тарихи дәуірлерді бойлай ойын мен ойыншық адамзаттың рухани мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналды. Олар – қоршаған орта, табиғат, адам туралы қалыптасқан ойдың айнасы. Ат бейнесіндегі ойыншықтар ортағасырларда балалар арасында үлкен сұранысқа ие болғанға ұқсайды. Қанша ғасыр өтсе де ер балалардың таңдауы ойыншықтың осы бір түріне түседі. Қандай заманда болмасын ер балалар батырлар ерлігін үлгі етіп, сол уақыттағы ердің қанаты болған атты дәріптеп, ой-қиялына ерік беру үшін ойыншық атпен ойнаған. Ойыншықтар – адамзат қолынан шыққан декоративті қолөнердің бастауында болған десек, қателеспейміз. Сыр өңіріндегі ортағасырлық Жанкент қалашығына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінен табылған ойыншық ат осының дәлелі. Ойыншық ат X-XI ғғ. мерзімделеді.

М.Г.Рабинович бастаған ғалымдардың классификациясы бойынша саз ойыншықтар бейнелеу ойыншықтары (жануарлардың зооморфты бейнесі т.б.), ермек ойыншықтар (ысқырық-құстар, сылдырмақтар т.б.) және еліктеу ойыншықтары – имитация (мыс., балалар ойыншығы мен үй жиһаздары т.б.) болып, 3 топқа бөлінеді. Ортағасырлық ойыншық-ат жылқы малының зооморфты бейнесін бейнелегендіктен бейнелеу ойыншықтар қатарына жатқызылады.

Ат бейнесіндегі ойыншықтардың балалар арасында кең етек алуы сол уақыттағы ел мен жер үшін болған шайқастардың нәтижесі. Ата-ана, туған-туыс тарапынан құлақтарына күнде сіңіріп отырған батырлар ерлігін қайталап, жаумен шайқасты көрсету үшін ойыншық-аттар пайдаланылған. Сол себепті де, ер балалардың ең сүйікті ойыншықтарына айналған.

Жануар бейнесіндегі бұйымдар жануардың шынайы бейнесін не болмаса мифтік образын береді. Музей экспозициясында орын алған ат бейнесіндегі бұйымды сол уақыттағы наным-сенімді білдіретін культтік бұйым немесе керамикалық ыдыстың қақпақтарында кездесетін жануартектес тұтқа болуы мүмкін деген тұжырым болған. Дегенмен Жанкент қалашығынан табылған ат бейнесіндегі бұйымға салынған ер жоғарыдағы тұжырымды жоққа шығарды. Көп жағдайда культтік сакралды бұйымдар нәзік әрі әсем жасалынады, қолға үйретілген жылқыны емес, даланың еркін жануарын бейнелейді. Ал, «қақпақ тұтқасы» деуге де бұйымның белі астынан саусақты сала көтеретін тұсының төмен орналасуы және үстіндегі жапсырма ері кедергі жасады. Атқа қосымша жабыстырылған ер екі нұсқаны жоққа шығарып, ортағасырлардағы балалар ойнаған ойыншық ат деген тұжырымды алға шығарды. Ерттелген ойыншық ат керамикадан жасалынған, бала қолынан шыққанға ұқсайды. Дәулетті, орта және төмен тұрмысты ортадан шыққан балалардың ойыншығы да сәйкесінше сапасы, көлемі, безендіруі жағынан әрқилы болған. Аталмыш ойыншық тұрмысы төмен ортадан шыққан баланың өз қолымен жасаған бұйымы болса керек. Ойыншық-ат Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Қасиетті Қазақстан және археология» залы экспозициясында орналасқан. Сырт көзге кішкентай көрінген дүние қала қонақтары мен тұрғындарының қызығушылығын тудыруда.

Антикалық дәуірдің ойшылы Аристотель ойын мен ойыншықтың маңызына үңіле келе, ойыншықтың бала тәрбиесіндегі рөлін айрықша атап кетсе, Платон: «ойыншық – баланың ақыл-ойын қалыптастыратын және сынайтын дүние», – деген. Әр бала шынымен қызықты нәрсені және жаңа дағдыларды үйренуге ұмтылады. Ойыншықтардың мақсаты – балалардың үйлесімді дамуына көмектесу. Бұл ежелгі дәуірге де, біздің уақытқа да қатысты.

Оғыздар заманынан сыр шертетін «Дирсеханұлы Бұқашжан туралы жыр», «Қазан Салордың ауылын жау шапқаны туралы жыр», «Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жыр», «Қазан бектің баласы Ораздың жауға қалай тұтқын болғаны туралы жыр», «Оғыз Қазылық баласы Иекенк», «Бекіл ұлы Эмран батыр туралы жырларын» естіп өскен бала Баяндұр ханның әділдігіне, Қорқыт бабаның көсемдігі мен данышпандығына, Ораз, Басат, Қан Төрәлі, ағайынды Екрек пен Секрек батырлардың ерлігіне еліктемей өспеді деп ойлаймын. Гәуірлермен (кәпірлермен) шайқасқан оғыз батырларының ерлігі және олардың шабандоз аттары (жылқы) асқақтап, ауыздан ауызға жыр боп тарап, ер балалар ойынының да басты кейіпкері болғанға ұқсайды.

Оғыздарға жүздеген жылдар бойы астана болған Жанкент шаһары VII-XIV ғасырларда өмір сүрген. 1219 жылы Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ қалаларының қирауына моңғол шапқыншылығы қатты әсер етті. 400 жыл бойы қалалық мәдениет жасаған оғыз-қыпшақ тайпалары тағы да көшпелі өмірге түседі. Дегенмен Жанкент қаласы XIV ғасырда сауда мен қолөнер орталығының бірі ретінде қайта көтерілді. Сыр бойындағы тарихы терең қаланың бірі – Жанкент қалашығына археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Түркі дүниесінің ұлы абызы Қорқыт баба және басқа да оғыз хандары өмір сүрген Қазалы аймағында орналасқан ортағасырлық алып қаладан оғыз мәдениетінен мәлімет беретін балаларға (жастар) қатысты археологиялық олжалар (ойыншықтар коллекциясы) шығады деген үміттеміз.

Әйгерім БЕККҰЛИЕВА,
облыстық музейдің бөлім меңгерушісі

БЕЙНЕТПЕН КӨРГЕН ЗЕЙНЕТІН

Ол – 43 жыл бойы көлік айдаған шопыр. Осыншама жылдар ішінде өзі айдаған машинамен қаншама жол жүріп өтті десеңші... Шопыр болған жылдан бастап облыс ішінде қаншама жүк тасығанын есептеп шығару мүмкін емес. Әйтеуір жүк тасымалы саласына жұрт қатарлы өз үлесін қосқанына ол іштей қуанады.

Біз әңгіме еткелі отырған Серік Әбенов жүк көлігін 43 жыл жүргізіп, бүгінде сол еңбектің зейнетін көруге Алла нәсіп етіпті. Соңғы 30 жылға жуық қаладағы ТЭЦ-6 жылу орталығында автодәнекерлеу машинасын айдап, қала орталығында жылу жүйесі трассасында күтпеген жерден болатын беймізгіл уақыттағы апаттық жағдайлардың талайын басынан өткерді. Әсіресе қаһарлы қыстарда жылу жүйесінде болатын ақауларды қалпына келтіру оңай емес екенін талай көзбен көріп, автокөлік үстіндегі дәнекерлеу аппаратының үзбей жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ете білді. Қолы қалт ете қалғанда дереу көлік үстіндегі дәнекерлеу аппаратының кем-кетігін түгендеп, жөндейтін жерлерін қалпына келтіріп, келесі жұмысқа әзірлеп майлап-сайлап қоятын. Оған тікелей өзі жауап беретін болғандықтан барынша жауапкершілікпен қарауы да сондықтан. Машина айдаудағы ұзақ тәжірибесі барлығына сенген басшылар да Серіктің тап-тұйнақтай жұмысына риза еді. Қашан көрсе де машинасы күнделікті жұмысқа сақадайсай тұрады. Тап-таза мұнтаздай етіп қойған машинаны көргенде Серік Өткелбайұлына механиктер де оның көлігінен ақау шыға қоймайтынына сеніммен қарайтын. Сондықтан да болар, осы 30 жылдың ішінде жұмысы жайынан бір рет те ескерту алмай, зейнет жасқа үлкен абыроймен жетуі. Ол күнделікті жұмысына аса жауапкершілікпен қарап, осы жылдар ішінде жұмыстан бір рет болса да орынсыз қалып та, кешігіп те көрмепті. Қашан көрсең де жол үстінде, жылу жүйесі трассасы бойынан табылатын.

Ол жастайынан еңбекпен шыңдалып өскендіктен болар, жұмыстан қалып қоюды өзіне ар санайтын. Көпбалалы отбасынан шыққандықтан шығар, кішкентайынан ата-анасы Өткелбай мен Мырзайға қолғанат бола білді. Бойын тіктеп есейе бастағаннан егін де екті, шөп те орды. Қорағa да қарады, уақ-малын да бақты. Ауыл балаларына тән жұмыстың бәрін атқарды. Ата-анасы баласының тез есейіп, үйге қолғабыс еткеніне қуанды, іштей мақтаныш етті. Міне, Серіктің тынымсыз еңбекқорлығы жастайынан қалыптасты. Үй жұмысын тындыра жүріп, мектепте де өте жақсы оқыды. Әсіресе, физика мен математикаға қатты қызығатын...

1-Мамыр ауылындағы №40 Орджаникидзе атындағы онжылдықты 1978 жылы бітірісімен, қаладағы № 152 СПТУ-да оқып, автокөлік жүргізушісі куәлігін алды. Сол күннен бастап осы таспа жолдар мен түп-түзу тарамыстай тартылған асфальт жолдарда еңбек жолының ізі қалды. Сұлутөбе сауда мекемесінде автодүкен айдап жүргендегі Сарысу мен Сыр арасын ерте көктемнен бастап тынымсыз жол еткен адал еңбектің ізі болатын. Онда отырған қойшы ағайындарға қажетті азық-түлігін уақытылы жеткізіп берудің өзі үлкен жауапкершілікті жүктейтін. Сарысудағы «Тасбұлақ», «Наршоқы», «Ит атқан» жайылымы беткейінде отырған шопандар автодүкенді асыға күтумен жүретін. Автодүкен барғанда балалар қалаған заттарын алып, бір мәз болып қалатын. Ондайда шопанның әйелдері қызу саудаларын жасап, ұн мен майын, үнді шайы мен шақпақ қанттарын алып арқажарқа болатын. Серік Өткелбайұлы кезінде автодүкен жүргізіп, қырдағы шопандарға қалтқысыз қызмет жасағанда адамдардың қуанғанына жаны жадырап, олармен сағынысқа көрісетін. Ауылдың амандығын айтып, ағайындарының сәлемі мен жақсы жаңалықтарынан хабардар етіп, көңілдерін көтеріп тастайтын.

Сарысуға кетіп бара жатқанда, әсіресе жазда ой-шұқыр болып ойылып қалған жолда жүру азап еді. Кейде сондай ұзақ жол үстінде Серік сонау 1968 жылы мектеп табалдырығын аттаған сәтін сағына еске ала ойға шоматын...

Аяулы Мырзай анасы қолынан жетектеп апарып алғаш партаға отырғызғаны оның көз алдында. Отбасының үлкені болғандықтан ба, анасының мектепке үлкен қуаныш сезіммен апарғанын іштей түйсінеді. Алғаш партаға отырғызып болып: «Балам, сен енді үлкен азамат болдың, сабағыңды жақсы оқы» деп маңдайынан сипай, елжірей қарағанын қалай ғана ұмытсын?! Сол сәтте анаға деген сағынышы жанарынан мөлт еткендей болды. Терең дем ала анасының өмірден ерте кеткеніне іштей өкініші көмейіне тығылып тұрғанын сезді. Анасының аурушаңдығына байланысты қаладағы әжептеуір жұмысын тастап ауылға келуі де сондықтан еді. Сөйтіп жүргенде анасы өмірден 46 жасында озды. Әкесі отбасында шеттей 9 бала-шағамен қалғаны жанына батады. Не істей алсын, Алланың жазуына? Әр күн сайын есік жаққа аяулы жары Мырзайы келіп қалатындай ұзақ телміре қарап қоятынын көргенде, әкесін іштей аяйды. Бауырларын айтсаңшы? Үйелмелі-сүйелмелі болып жауқазындай жайқалып енді өсіп келе жатқан шақта олар шерлі жетімнің күйін кешіп қалды. Іні-қарындастарының жанарлары жәудірей, өзіне мұңая қарағанда жүрегі аузына тығылады. Сондайда теріс айнала түсіп, ешкімге көз жасын көрсетпей жеңімен бір сүртіп алып, артына қарайлай жұмысына кете баратынын кім түсінсін?! Үйдің күйбең тірлік қамыты мойнына ерте ілінген кіші қарындасы Айжан мен анасынан 5 жасында қалған кіші інісі Дарханның жайларын жиі ойлайды. «Осыларға қайтсем желеу болар екем?» деген ой жанына тыным бермей келеді. Осылай өз ойымен өзі іштей алысып кешіп келе жатқанда, машинаның доңғалағы терең шұқырға солқ етіп түсіп кеткенде ғана селк ете қалып, бойын тежей ой құшағынан арылғандай болды.

Қараса май топырақ бұрқ ете түсті де, кабинаның алдын ақшаң басып қалды. Ой жетегінде келе жатып терең шұқырды байқамай қалғанын енді білді. Шаң басылғанша біраз тоқтап барып жүрді. Алды жазық мидай дала екен. Тақырға шыққаннан кейін машина газын басыңқырай, жылдамдықты арттырғанмен үзіліп қалған ой қайта орала береді. «Бүгін маған не болған?» деп іштей ойлап қояды. Соншама көңілшек күй кешіп, шырмауықтай арбап алған қалың ойдан шыға алмай келе жатқанына өзі де таңғалып келеді. Қаншама ойламайын десе де, мектепті алғаш аттаған кезеңі есіне орала берді...

Мектепке алғаш барғанда-ақ класс жетекшісі Қалкөз Асанова апайының өте алғыр бала екенін біліп, барынша оған көңіл бөлгеніне бір жымиып қойды. Сөйтіп жоғары сыныпқа көшкенде де математика пәні мұғалімі – Шералхан Байжанов ағайы мен физика пәні мұғалімі – Райхан Жүнісова апайының оның зеректігіне көңілдері толып, келешегінен зор үміт күтетіндіктерін ата-аналар жиналысында үнемі үлгі етіп айтатындарын ой елегінен өткізді. Сол кезеңдегі мектеп директоры болған Тампыш Сақтағанов та жоғары оқу орнына түсуге оған кеңес бергенін масаттана есіне алып, айналаға риза көңілмен бір қарап қойды...

Оның жоғары оқуға түсемін деген талабын отбасындағы аяулы анасының аурушаңдау жағдайына байланысты кейінге қалдырды. Анасының жайын ойлағанда өзін қоярға жер таппай, көңілі жабырқаулы күй кешті. Сонша бала-шағаны асырау жалғыз әкесіне де оңай емес екені, үйдің үлкені болғасын оны жақсы сезінді. Күндіз-түні ойлана келе, әкесінің бір жағынан сүйеу болуды алдына мақсат етіп қойды. Оныншы сыныпты бітірісімен шопырлықты оқуды жөн деп тапты. Жағдайды дұрыстап, қаражат тауып анасын емдетуді парыз санады. «Содан кейін-ақ жоғары оқу орнына түсем» деп бір шешімге келді. Ең өкініштісі мақсатына енді қол жеткізе бергенде, анасының өмірден озғаны жанына қатты батты. Қайғырды, егілді, Алла ісін мойындаудан басқа амалы қалмады. Енді отбасына, іні-қарындастарына қарауды өзіне борыш санады. Осылай жүріп қоңыр тірліктің жетегіне еріп кете барды. Оқу жайына қалды. Содан Сұлутөбе сауда мекемесінде бухгалтер болып өзімен бірге қызмет жасап жүрген сүйікті жары Салтанатты жолықтырды. Екеуі жарасым тауып, отау құрды. Әке арманы орындалып, іні-қарындастарының жүздеріне қуаныш нұры себеледі. Інісі Берік екеуі бір әулеттің жүгін бірге көтерді. Соңдарынан ерген іні-қарындастарына қорған бола бастады. Бүгінде олардың бәрі отбасылы, бір-бір үй болған. Бұлардың барлығына Берік екеуі қолдарынан келгенше сүйеу бола білді. Олар да қос ағаларының алдарынан кесе өтпейді. Бүгінде Серік үлкен әулеттің ақылшысына, қамқоршысына айналған.

Серік бауырларына қарайласа жүріп, еңбек етті. Талай бейнетті басынан өткізді. Соңғы 30 жылда жылу орталығында жұмыс істеді. Өзінің жеңіл көлігіне отырып, бірге жұмыс істеген достарына іштей шексіз алғысын жаудырып үйіне бет алды. Жұмыс деп жүріп өзінің зейнет жасқа жеткенін байқамай да қалғандай күй кешіп келеді. Ол бейнетінің зейнетін көруге жазған «Аллаға мың шүкір!» деп күбірлеп қояды.

Кенжалы БАЙЕГІЗ

Италияның Сардиния қаласында шахматтан әлем чемпионаты өтті. Ақсүйектер ойынында Сыр елінің аруы Әсел Серікбай 20 жасқа дейінгі қыздар арасында жүлделі II орын иеленді. Осылайша Әсел Қызылорда облысының тарихындағы тұңғыш гроссмейстер атанды.

СЫР АРУЫ – ГРОССМЕЙСТЕР!

Шахматшы арумыздың айтулы жеңісін сүйіншілеп облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев фейсбук парақшасында құттықтап жазды. «Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында Италия елінде өткен Әлем чемпионатында жерлесіміз, жас шахматшы Әсел Серікбай гроссмейстер атағын қорғап шығып, аймақ жұртын қуанышқа бөледі. Чемпионатта Әсел Серікбай 58 мемлекеттен келген 186 спортшы арасында топ жарып, 20 жасқа дейінгі қыздар арасында күміс медаль алып, жүлде қоржынын толтырды.

Осылайша дарынды қызымыз Сыр өңірінен шыққан тұңғыш гроссмейстер ретінде тарихқа енді. Бұл елеулі жеңіс ұлттық мерекеге тамаша тарту болды!» – деп жазды аймақ басшысы.

Облыс әкімі сондай-ақ құттықтау сөзінде Әселді жарысқа баптап, бағыт-бағдар берген жаттықтырушылары Василий Шимелков пен Риза Қошқароваға алғысын жеткізді.

Жарыста 11 ойын өткізіп, жалпы есепте 8,5 ұпай жинаған шахматшы Әсел Серікбайды біз де жеңісімен шын жүректен құттықтап, күллі әлем мойындаған шахматшы атануын тілейміз!

ВЕЛОШАБАНДОЗ МАРАПАТ БИІГІНДЕ

19-23 қазан аралығында Кореяда велоспорттың маунтинбайк түрінен Азия чемпионаты өтті. Санчион қаласында ұйымдастырылған сайысқа Қызылорда облысының велошабандозы да қатысты. Төрт күндік дүбірлі додада Сыр елінің аруы Алина Саркулова бірнеше жүлдені қанжығаға байлап қайтты.

Азия чемпионатының қорытындысымен Алина Саркулова екі алтын мен бір қола медаль иегері атанды. Кросс кантри олимпик бағдарламасы бойынша ол III орын иеленді. Ал кросс кантри эстафета мен кросс кантри элементатор бағдарламасында Алина оқ бойы озық болып, жарыстың жеңімпазы атанды.

Осылайша веложарыстың Азия чемпионатында Алина аруымыз Сыр елінің қоржынына бірден үш медаль салды.

ЖЕЛАЯҚ МЕЙІРЖАН МЕН МЕРГЕН ҚОЛҒАНАТ

Өзбекстан астанасы Ташкентте өткен пара атлетикадан ҚР Ұлттық Паралимпиада құрамасы Өзбекстан Республикасының Пара атлетикадан ашық чемпионатына қатысты. Қазақстан атынан шыққан спортшылардың арасында жерлесіміз де бар.

Қазақстан Республикасы құрамасының сапындағы Қызылорда облысының параспортшылары Мейіржан Мақшат пен Қолғанат Бақберген жарыста жақсы нәтижеге қол жеткізе алды. Мәселен, желаяқ Мейіржан 400 метр қашықтыққа жүгіруде II орын иегері атанды. Ал халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қолғанат Бақберген найза лақтырудан III орынды жеңіп алды.

Спортшыларды жарысқа Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Юрий Моищеев дайындады. Одан бөлек бұл жарыс қарашада Португалияда ұйымдастырылатын Дүниежүзілік «IWAS-2022» дайындық ретінде өтті.

ГОЛОВКИННІҢ КЕЛЕСІ ҚАРСЫЛАСЫ КІМ?

Төртқұл дүние көз тіккен трилогия тәмам. Головкин мен Альварестің текетіресі «Канелоның» есебіне жазылды. Ендігі кезекте IBF және WBA басшылығы Геннадий Головкиннің келесі қарсыласын анықтады.

Қазіргі кезде спортшымыз Геннадий Головкиннің IBF және WBA тұжырымдары бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы атағы бар. Негізі GGG-дің кезекті қарсыласы кубалық Эрисланди Лара еді. Бірақ қазақстандық былғары қолғап шебері титулдарын бразилиялық Эскива Фалькаоға қарсы жекпе-жекте қорғауға міндетті.

Жалпы бразилиялық боксшы Эскива Фалькаоның нокаутер атағы бар. Ол кәсіби мансабында 30 жекпе-жек өткізіп, 20-сын нокаутпен аяқтаған. Головкиннің бұл қарсыласы туралы және алдағы жекпе-жек жайлы талқылағандар қатары күн санап артып келеді. Бірі бұл кездесуде нокаут болатынын айтса, өзгесі жекпе-жекте кімнің жеңіске жететіні туралы ойын ортаға салды.

«Мен бұл мүмкіндікті көп күттім және бұдан айырылуға жол бермеймін. Головкин Эрисландиларға емес, Эскива Фалькаоға қарсы жекпе-жек өткізеді!» – деп жазды Головкиннің бразилиялық қарсыласы. Сондай-ақ Фалькао GGG-дің фанаты екенін де жасырмады. «GGG өте керемет жігіт, тәжірибелі спорт аңызы. Мен бәсекелестікке қарамастан оның жанкүйерімін. Ол қауіпті жігіт, оның соққылары жойқын және нокаутқа құлату ықтималдығы жоғары. Алайда қазір ол 40 жаста және соған сай рингте аздап қиындыққа тап болады. Головкинде бұрынғыдай реакция, жылдамдық жоқ, кейбір қарсы шабуылдарда сәтсіздікке ұшырайды. Ал менің жасым 32-де. Сондықтан менің уақытым келді деп ойлаймын. Ол бұдан 10 жыл бұрынғы Головкин емес. Қарсы шабуылға оның енді реакциясы жоқ. Менің ойымша, ол баяу төменге сырғып жатыр», – деді Фалькао.

Эскива Фалькаоның менеджері Серхио Батарелли WBA және IBF-тен өз спортшысының орта салмақтағы әлем титулының қазіргі иегерімен жекпе-жегін тағайындау туралы хабарлама алғанын растады. Шарт бойынша жекпе-жек 120 күн ішінде өтуі керек, ал оның жеңімпазы WBA нұсқасы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Эрисланди Ларамен жұдырықтасуға міндетті.

«Екі командаға келесі жылдың басында жекпе-жек өткізу үшін келіссөздерді бастау туралы бұйрық келді. Менің ойымша, бұл сайыс 2023 жылдың ақпан немесе наурыз айында болады. Күні мен орны келіссөздерге байланысты», – деді бразилиялық боксшының промоутері.

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының жартылай қорғаушысы Бақтияр Зайнутдинов алдағы уақытта мансабын Италияда жалғастыруы мүмкін. Бүгінде ресейлік ЦСКА футбол командасында ойнап жүрген ала доп шебері туралы «А сериясында ойнауы мүмкін» деген ақпарат тарады.

ЗАЙНУТДИНОВ ИТАЛИЯДА ДОП ТЕБЕ МЕ?



Бұл жаңалыққа қазақ футболының жанкүйерлері қуанғаны рас. Себебі қазақ баласының еуропалық клуб сапында өнер көрсетуі мақтаныш болары анық. Бірақ футболшының агенті Евгений Новиков «Спорт Экспресс» басылымына берген пікірінде бұл ақпаратты жоққа шығарды. «Зайнутдинов А сериясындағы клубтардың біріне ауыса ма? Бұл ақпараттың қайдан шыққанын білмеймін! ЦСКА-мен ешқандай келісім жоқ!» – деді Новиков.

Алайда «Sports.kz» украиналық менеджер Алекс Великихтен Зайнутдиновтің Италияға кетуі туралы болжамдарын сұрап білді. Шетелдік жобаларды үйлестіру және Италиядан, Шығыс және Солтүстік Еуропадан дарынды футболшыларды іздеу және А сериясының әртүрлі клубымен скаутинг жүргізетін маман өз ойымен бөлісті. «Біріншіден, италиялық нарық үшін ЦСКА-ның трансфер мәселелері бойынша жұмыс жүйесі түсінікті, жақсы қалыптасқан және сәйкесінше, сырттан келетін басқа адамдар көп емес, тек соңғы үш жылда бизнеспен айналысатындар ғана бар. Екіншіден, бұл ойыншы екі жыл бұрын итальяндық нарықты қызықтыра білді, бірақ кейін бағасы жоғары болды. Үшіншіден, футболшы жартылай қорғауда ойнау үшін пайдалы. Оның бағасы 3 миллион еуроны және бонустарды құрауы мүмкін немесе сатып алу құқығымен арендаға беріледі. Көп нәрсе ойыншының өзіне байланысты», – деді Великих. Сондай-ақ сарапшы Зайнутдиновтің А сериясында жақсы өнер көрсете алатынына сенетінін де тілге тиек етті.

Бетті дайындаған **Аслан НҰРАЗҒАЛИ**

Суреттер ашық дереккөзден алынды

BBC NEWS

РЕСЕЙ-УКРАИНА: ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ШАБУЫЛ

Украинаның ресми өкілдері Ресей жасаған «терактпен» әсерінен мыңдаған аумақ электр энергиясыз қалғанын мәлімдеді. 7 қазаннан бергі ұйымдастырылған шабуылдың әсерінен елде шамамен 70-тен астам адам көз жұмған. Украинадағы ахуал туралы BBC арнасында Хьюго Бачега мен Ярослав Луковтің «Украинадағы соғыс: Ресей соққысынан кейін 1162 қала мен ауылда электр энергиясы өшті» тақырыбында мақала жарық көрді.

Украина президенті Владимир Зеленский соңғы сегіз күнде Украинадағы электр станцияларының 30 проценті қирағанын айтты. Сейсенбідегі соққылардың әсерінен Киевтегі кейбір шағын аудан жарықсыз, ауыз сусыз қалған.

Киев мәрі Виталий Кличко Ресей соққысының құрбандарының үшеуі де «өте маңызды инфрақұрылым» жұмысшылары екенін айтып, елордадағы екі нысан зардап шеккенін мәлімдеді. Ел астанасының батысындағы Житомирде электр жарығы мен су үзіліп, Днепрдің оңтүстік-шығысында бір энергетикалық нысан зардап шеккен.

Сейсенбі күні Киевте өткен брифингте 7-18 қазан аралығында энергетикалық нысандарды атқылау салдарынан Украинаның 11 аймағындағы 4000-ға жуық елді мекеннің байланысы үзілгені айтылды. «Қазіргі уақытта энергетика министрлігінің мәліметінше, 1162 елді мекен жарықсыз қалды», – деді елдің төтенше жағдайлар министрлігінің өкілі.

Ұрыс даласында ауыр жеңілістерге ұшырағаннан кейін Ресей соңғы аптада майдан шебінен алыс қалалардағы электр инфрақұрылымына шабуылды күшейтті.

Президент аппараты жетекшісінің орынбасары Кирилл Тимошенко: «Біріншіден, электр қуатын үнемдеуге барлығы дайын болуы керек, екіншіден, шабуыл жалғаса берсе электр жарығы тұрақты түрде өшуі мүмкін. Сол себептен барлығы қытымыр қысқа дайындалуы керек», – деді. Одан бөлек украиналықтарға жергілікті уақыт бойынша күн сайын 07:00-ден 09:00-ге дейін электр құралдарын қолданбау туралы ескерту жасады. Кейбір қалаларда украиндықтар электр генераторлары мен газ қыздырғыштарын сатып алуда.

Одан бөлек Украинаның мемлекеттік атом энергетикалық компаниясы Мәскеуді Запорожьедегі атом электр станциясында екі жоғары лауазымды шенеунікті тұтқынға алды деп айыптады. Еуропадағы ең ірі зауытты Ресей әскерлері басып алса да украиндық қызметкерлері ауыр жағдайда жұмыс істеуді жалғастыруда.

«Біз Ресейдің энергетикалық және азаматтық инфрақұрылымға шабуылдарын күшейтіп, күзге қарай қалалардағы шайқастарды күшейтеді деп күткен едік – дәл солай болды», – деді депутат Леся Василенко BBC-ге берген сұхбатында.

Сонымен қатар соңғы уақытта зерттеушілер Ресей шетелдік ракеталарды, соның ішінде ирандық қаруды қолданып жатқанын анықтады. АҚШ пен Еуроодақ Ресейге қарулық көмек берген елдер БҰҰ-ның қауіпсіздік келісіміне нұқсан келтіретінін және санкцияға ұшырайтынын мәлімдеді.

Алайда Иран да, Ресей де ешқандай шетелдік ракета қолданылмағанын айтты. Дегенмен Украинадағы батыс шенеуніктері «Ұшқышсыз ұшақтардың Ираннан келгеніне күмән жоқ және Ресейдің электр желісіне шабуыл жасауға тырысып жатқаны анық», – деп мәлімдеді.

Украина сыртқы істер министрі Дмитрий Кулеба президент Зеленскийден Тегеранмен дипломатиялық қарым-қатынасты үзуді сұрайтынын айтты. Сондай-ақ ол Израильге әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдарын тез арада жеткізуге шақыратын ресми хабар жіберілетінін айтты.

Алайда Израиль шенеуніктері әзірге Киевке қару жіберуден тартыншақтап отыр. Ресейдегі қауіпсіздік шенеуніктерінің бірі Дмитрий Медведев Израиль қару жіберсе Мәскеумен қарым-қатынас бұзылатынын ескерткен еді.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3737 **Тапсырыс №1800**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ